

**Сбербанк Sberbank Pay KZ мобильді қосымшасының
жанасусыз төлем жасау мүмкіндіктерін таныстырды**

2018 жылғы 11 қазан, Алматы - Сбербанк NFC* қолдайтын Android операциялық жүйесі бар құрылғыларда (смартфондар, планшеттер) орнатылған **Sberbank Pay KZ** қосымшасы арқылы жанасусыз төлем жасау мүмкіндіктерін таныстырды.

MobiEvent'18 халықаралық конференциясы аясында Сбербанк NFC* қолдайтын Android операциялық жүйесі бар құрылғыларының пайдаланушыларына жанасусыз төлем атқарымы бар POS-терминалдармен жабдықталған сауда және қызмет кәсіпорындарында жанасусыз төлем жасауға мүмкіндік беретін Sberbank Pay KZ мобильді қосымшасының мүмкіндіктерін таныстырды.

Жаңа технология Google Play Маркеттен тек бір рет Sberbank Pay KZ қосымшасын жүктеу және оған Сбербанктің Visa картасын қосу арқылы NFC құрылғыны төлем үшін қолдануға мүмкіндік береді.

Ыңғайлы болуы үшін Жасап шығарушылар Sberbank Pay KZ қосымшасына кірмей-ақ төлем жасау мүмкіндігін қарастырды - экранды бұғаттан шығарып, құрылғыны жанасусыз төлем қызметі бар POS-терминалға қою жеткілікті.

Қосымшаға қосылған құрылғы банктік карта нөмірін сақтамайтындықтан Sberbank Pay KZ төлемдері сенімді қорғалған.

"Бүгінгі таңда біздің банкте жанасусыз төлемдерге операциялардың 50%-ы сәйкес келеді, - деп айтады Сбербанк Басқарма Төрағасының Орынбасары Алексей Акимов, - Бүгін таныстырылған технология бұл нарық үшін қызмет алаңын айтарлықтай кеңейтеді, себебі қызметтер күнделікті қолданыста неғұрлым қолжетімді және ыңғайлы болуда. Жақын арада Біз өзге мобильді операциялық жүйелердің басқаруымен құрылғылар желісін кеңейту арқылы осындай төлемдердің мүмкіндіктерін тағы да арттыра түсеміз деген ойдамын".

Сервиске қосылу үшін қажет:

1. Google Play Маркеттен Sberbank Pay KZ қосымшасы орнатылатын NFC қолдауы бар және 4.4. және одан жоғары нұсқадағы Android операциялық жүйесі бар құрылғы;
2. Сбербанктің Visa картасын қосып Sberbank Pay KZ қосымшасында тіркелу.

Төлем жасау үшін тіркелген құрылғыны жанасусыз төлемдерді қабылдау қызметі бар POS-терминалға әкеп қою қажет.

5000 теңгеден жоғары төлем жасалған жағдайда, картамен төлемдегідей ПИН код енгізу қажет болады.

Sberbank Pay KZ мобильді қосымшасын Google Play Маркеттен 2018 жылғы 15 қазаннан бастап жүктеуге мүмкін болады.

Анықтама:

«Сбербанк» АҚ ЕБ халықаралық Сбербанк тобына кіреді. Банк Қазақстанның қаржы нарығында 11 жыл табысты жұмыс істеп келеді және активтерінің көлемі бойынша Қазақстандағы ЕДБ арасында 3-орынды алады. Бүгінгі таңда «Сбербанк» АҚ ЕБ-нің 91 құрылымдық бөлімшеден тұратын филиалдық желісі бар, оның 17-сы - филиал. Банктің Орталық офисі Алматы қаласында орналасқан.

MobiEvent'18 - мобильді, мемлекеттік, банктік және қаржылық қызметтер нарығын дамыту мәселелеріне, Қазақстан Республикасы мен ТМД елдерінде мобильді төлем жүйелерін құру және пайдаланудың құқықтық және ұйымдастырушылық аспектілеріне арналған халықаралық конференция.

* **NFC** (near field communication - ағыл. "жақын жанасусыз байланыс") - шағын (10 см дейін) әрекет ету радиусы бар жанасусыз төлем интерфейсі. Смартфон арқылы жанасусыз төлем жүргізуге мүмкіндік беретін технология. Клиент банктік картасын арнайы мобильді қосымшаға (Wallet) енгізеді.

Қосымша ақпаратты алу үшін Сіз әрдайым төмендегі қызметкерлерге хабарласа аласыз: